

Ипотекалық несиелендіру проблемасы жөніндегі жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2001 жылғы 3 қараша N 86-ө

1. Бюджет қаражатын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету және ипотекалық

несиелендіру проблемасы жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу мақсатында мынадай құрамдағы жұмыс тобы құрылсын:

Дунаев - Қазақстан Республикасының Қаржы
Арман Ғалиасқарұлы вице-министрі, жетекші;

Андрющенко - Қазақстан Республикасының
Александр Иванович Экономика және сауда бірінші вице-
министрі, жетекшінің орынбасары;

Жұмыс тобының мүшелері:

Мұхамеджанов - Қазақстан Республикасының Қаржы
Бектас Ғафурұлы министрлігі Мемлекеттік сатып алу
жөніндегі комитетінің төрағасы;

Аманбаев - Қазақстан Республикасының Қаржы
Мұрат Ермұханұлы министрлігі Қаржы бақылау
комитетінің төрағасы;

Әбдіқалықов - Қазақстан Республикасының Қаржы
Қанат Әлімбайұлы министрлігі Заң қызметі
департаментінің директоры;

Ыбырайымов - Қазақстан Республикасының Қаржы
Рүстембек Қуатәліұлы министрлігі Мемлекеттік қарыз алу
департаменті Несиелендіру
басқармасының бастығы.

2. "Астана-Қаржы" ашық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - "Астана-Қаржы" ААҚ) және "Қазақстандық ипотекалық компания" жабық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - "ҚИК" ЖАҚ) ипотекалық несиелендіруге қатысты барлық қажетті материалдарды жұмыс тобына беру ұсынылсын.

3. Жұмыс тобы:

1) оны өткізу қорытындысы бойынша "Астана-Қаржы" ААҚ жеңімпазы болып

анықталған тендердің шарттары мен нәтижелеріне;

"Астана-Қаржы" ААҚ-ның тендер құжаттамасында көрсетілген міндеттемелерінің орындалуына;

"ҚИК" ЖАҚ жүзеге асыратын қарыз алу мен несиелендірудің шарттарына талдау жүргізсін;

2) 2001 жылғы 10 қарашаға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне аталған мәселелер бойынша қорытынды дайындасын.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары О.Ә.Жандосовқа жүктелсін.

Премьер-Министр

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.